


Арқалық қаласының Облыстық
№2 әмбебап ғылыми
кітапханасы



Кітапхана тынысы

Библиодайджест

Арқалық қаласы
2016 жыл



Кітапхана тынысы



Шығарылады
желтоқсан 2016ж
Библиодайджест №2 2016

КММ Арқалық қаласының Облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасы

МАЗМУНЫ

Библиогид

АТАУЛЫ КҮНДЕР

МЕРЕЙТОЙЛАР

ЖАҢАЛЫҚТАР МЕН ОҚИҒАЛАР

БОЛАШАҚҚА ЖОСПАР

І БӨЛІМ

Библиогид

«Даланың дара ұстазы»

Ыбырай Алтынсариннің туғанына 175 жыл



Қазақ халқының тарихында аса көрнекті орын алатын тұлғалардың бірі Ыбырай Алтынсарин екені сөзсіз. Ол жаңашыл, дарынды ағартушы ғана емес,



халқымыздың теңіздей толқып тасыған інжу – маржан жырларын жақсы біліп, еңбегіне арқау еткен. Сөйтіп, өзі өмір сүрген дәуірдің мұрат – мүдделеріннің кәдесіне, ұрпақ тәрбиесіне жарата білген тұлға. Биылғы жылы Ыбырай Алтынсариннің туғанына 175 жылдығына арналған «Даланың дара ұстазы» әдеби



Кітапхана тынысы

2016 шілде-желтоқсан

кеш оқу залының кітапханашыларының ұйымдастыруымен өтті. Бұл іс - шараның барысы мынандай :

Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығы, «Қырғыз хрестоматиясын» жазудағы мақсаты.

III бөлім: Ыбырай Алтынсарин – қазақ балалар әдебиетінің атасы

IV бөлім: Ы. Алтынсарин туралы орыс достарының естеліктері.

V бөлім: Ыбырай Алтынсариннің ізбасар шәкірттері бөлімдер бойынша оқырмандарға түрлі көрнекіліктер, салайдтар көрсету арқылы мағұлматтар



берілді. Сонымен қатар кешке Қостанай қаласында Ы.Алтынсариннің 175 жылдығына арналған ғылыми тәжірибелік конференцияға қатысып бірінші орын жеңіп алған Ы.Алтынсарин атындағы гимназияның 10 сынып оқушысы Ақерке Ахметсапаева жетекшісі Роза Карбозқызы қатысып Алтынсаринның «Қырғыз

хрестоматиясын» «Қоғам әлемі», «Жаһан әлемі», «Жан әлемі», «Әлеуметтік әлем» деп төрт топқа бөліп ұтымды қарастырғаның және конференциядан алған әсерін жас ғалым кешке қатысқан оқырмандарға айтып берді.

«Діни сенім-жауапкершіліктің тұтқасы»



Егеменді еліміздің ертеңі болашақ ұрпақ қолында. Болашақ ұрпақты имандылық тәрбиеге баулу, халық дәстүрін жүрегіне ұялатып

санасына құю. Ислам дінінің тарихын ұғындыру, дәстүрлі емес діннің түрлі ағымдарынан сақтандыру мақсатында 18 қазан Рухани келісім күніне орай өткелі отырған «Діни сенім-жауапкершіліктің тұтқасы» атты дін өкілдерімен кездесу өтті.



Кітапхана тынысы

2016 шілде-желтоқсан

Кездесуге "Мұхтасиб Әлмұхаммед" мешітінің бас имамы Уәлиев Бектұрсын Торғайбайұлы, Арқалық қаласының Ішкі саясат бөлімінің дін жөніндегі инспекторы Нұғманов Әсет Бауыржанұлы және Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық Мемлекеттік Институтының жатақхансының студенттері қатысты.

Дін – қоғамның рухани өмірінің маңызды саласы, қай халықтың болмасын мәдениетінің рухани негізі. Біздің ата-бабаларымыз сан ғасырдан бері Ислам дінін ұстанып келеді. Ислам діні - әлемдік діндер ішіндегі ең кең тараған қасиетті дін және әлемдегі ең бейбіт, ең таза дін. Осы Ислам дінін уағыздаушы қонақтар мен жастар арасында төмендегі сауалдар төңірегінде әңгіме өрбіді.

- Ислам дінінің басқа діндерден артықшылығы неде?
- Бүгінде облысымызда қанша діни ұйым ба?
- Қанша ғибадат нысандары бар?



Отбасы – қоғамның бастапқы ұясы

11 қыркүйек – Отбасы күні

«Біз отбасы құндылығын нығайтуымыз керек, өйткені мемлекет осы отбасынан басталады»- деген екен Елбасы Н.Ә.Назарбаев. Баршамыз жақсы білеміз, 2012 жылдың 1 наурызында Президент қол қойған Жарлыққа байланысты, 2013 жылдан бастап «Отбасы күні» мерекесін атап өту қолға алынған.

Өнер бөлімі ұйымдастырып отырған «Отбасы – қоғамның бастапқы ұясы» тақырыбындағы әдеби-қонақжай соның жалғасы.



Кітапхана тынысы

2016 шілде-желтоқсан

Кеш қонақтары қаламыздағы «Қайрат» спорт кешенінің директоры, қалалық мәслихаттың депутаты Рүстем Асанханұлы жұбайы ұстаз-Айжан Хамитқызы!

Елімізде тақырыбы ескірмейтін «Отбасы күні» келесі «2017 жылды Отбасы жылы» деп атап өтілу Қазақстанда жоспарлануда! Аталған мерекеге орай елімізде екі-үш жылдан бері отбасылық құндылықтарды нығайту мақсатын көздейтін көптеген мәдени-спорттық іс-шаралар ұйымдастырылуда. Арқалық қаласы өз деңгейінде жылда іс-шаралар өткізумен қатар Қостанай облыстық Отбасы тақырыбындағы байқауларға да белсене қатысып, Қаламыздың үлгілі отбасылары жүлделі орындармен оралып жүр. Бұл қаламыздың абыройы екенін өзіміз мақтан етеміз.

Жақында ғана Қостанай облысында ұйымдастырылған «Отбасы» күніне арналған іс-шараға Рүстем Асанханұлы отбасымен қатысып, Арқалық қаласының абыройын қорғап келген жанұя, үлгілі отбасы.

Кейіпкерлерімізге бірнеше сұрақтар қойылып, әсем әндер арналды. Кеш кейіпкерлері отбасында өткен қызықты жағдайлар, осы күнге дейін жеткен жетістіктері мен отбасындағы салт-дәстүр, әдет-ғұрып құндылықтарының ұстануымен бөлісті.

Кеш соңында халық мақтанышы болып отырған жас отбасына айтар тілек- баталарын Арқалық қалалық ардагерлер кеңесі қоғамдық бірлестігінен құрылған «Ана- дария» клубының төрайымы, «Қазына» ардагерлер ансамблінің белді мүшесі, құрметті ұстаз, құрметті зейнеткер, еңбек ардагері Қалтаева Бақытжамал Аяғанқызы, қаламыздың сыйлы азаматы, ардагер ұстаз, ақын – Сейтқали Сабыржанұлы беріп, Кітапхана басшысы Алма Жақсылыққызы сөз сөйлеп, бұлбұлдай әншіміз Нәбира Шағыпқызының орындауында Ескендір Хасанғалиевтің «Әдемі-ау» әнімен кешті аяқтады.



Кітапхана тынысы

2016 шілде-желтоқсан



«Біз отбасымызбен бірге оқимыз»

11 қыркүйек – Отбасы күні



Балалар әдебиеті бөлімі «Біз отбасымызбен бірге оқимыз» тақырыбында отбасылық демалыс өткізді.

Демалыстың мақсаты ата - ана, мұғалім және бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту, ата

- ана мен бала арасындағы білімділікті арттыру және ұштастыру, өзара ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Демалыс барысында оқушылармен өзара жұмыс жасауға көп көңіл бөлінді. Әр баланың жеке пікірі тындалды. Қызығушылықты ояту мақсатында шақырылған ата - аналар мен балалар арасында «Жанұя - менің мақтанышым!» атты 6 кезеңнен тұратын шағын сайыс өткізілді.

- 1- Таныстыру.
- 2- Кім тапқыр? (сөзден сөз туындату)
- 3- Күлдіргі жұмбақтар (логикалық)
- 4- Анамның қолы (көзі байлаулы бала анасын қолынан сипап табу)
- 5- Менің балам! (баласын даусынан ажырату)
- 6- Тығырықтан шығу (ситуациялық сұрақтар)



Қорытындылау кезеңінде оқушылар ата – аналарына деген жүрек жарды тілектерін жүрекше парақтарға жазып, жүрек бейнесінде жасап шығарды.

Тақырыпқа арналып «Шуақты шаңырақ шаттығы» атты кітап сөресі жасалынды.



Кітапхана тынысы

2016 шілде-желтоқсан



"Біз өмірдің гүліміз"

1 маусым балаларды қорғау күні



«Бала – жүректің миуасы» деп қарайтын біздің қазақ халқы балаға болашағым, деп игі зор үміт артады. Олай болатын себебі, бала –

отбасының басты қазығы, тірлік тірегі. Балалы үйдің еңсесі биік. Өйткені бала- бақыт, бала қуаныш , бала -өмірдің гүлі. Ал, болашағымызды қорғау баршамыздың міндетіміз.

Жаздың бірінші айының бірінші күні балаларды қорғау күні. Осы мерекеге орай №2 облыстық ғылыми әмбебап кітапханасының балалар бөлімінің ұйымдастыруымен «Біз өмірдің гүліміз» атты мерекелік іс-шара болып өтті. Кітапхана басшысы Алма Жақсылыққызы балалар мен ата-аналарын құттықтады.

Осы мерекеге арнап бар өнерлерін көрсеткен қаламыздағы «Алпамыс», «Золотой ключик» , «Раушан» , «Ақбота» балабақшасының бүлдіршіндеріне жиналған жұрт сүйсіне қол соқты. Ойын ойнап ән салмай, өсер бала болар ма? дегендей кітапханамыздың тұрақты оқырмандары би билеп,

Мырзағалиева Гауһардың сіңілісімен қосылып айтқан әні мерекені қыздыра түсті. Осы іс-шараға белсене қатысқан балалар мақтау қағаздарымен марапатталса , осындай өнерлі де , талантты бала тәрбиелеп жүрген тәрбиешілер кітапхана басшылығының алғыс хатына ие болды. Сонымен қатар Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай сәуір айында өткізілген



«Сөз құдіреті» байқауының қорытындысы нәтижесінде №6 және № 4 мектеп оқушыларына осы мереке қарсаңында марапаттар мен сыйлықтар табысталды.

Кітапхана тынысы

2016 шілде-желтоқсан

2 БӨЛІМ

АТАУЛЫ КҮНДЕР

«Қазыналы өңірі, берекелі өмірі бар Қостанай»

Қостанай облысына 80 жыл

Цель данного мероприятия – рассказать об одной из самых больших областей Казахстана, 80-летие которой широко отмечается в 2016 году. Ведь история области – часть богатой истории нашей Республики. Она всегда вызывала огромный интерес мыслящей части нашего общества и особенно этот интерес возрастает в связи с юбилейными датами. Это объясняется, прежде всего, естественной потребностью человека знать историю своей Родины.

Ведущие познавательного вечера совершили виртуальную экскурсию в прошлое области, познакомили аудиторию, студентов Торгайского гуманитарного колледжа, с богатой историей Костанайской области, с замечательными людьми, которые живут и трудятся в этом удивительном крае. Богата целинная эпопея Костанайской области. Область специализируется на выращивании зерна. В закрома Родины было засыпано миллиарды пудов зерна.



Кітапхана тынысы 2016 шілде-желтоқсан



Далее ведущие рассказали об участии костанайцев в Великой Отечественной войне. Всего на фронтах Великой Отечественной войны воевало более 73-х

тысяч кустанайцев. Более 24 тысяч из них погибли в боях, 3,5 тысячи - умерли от ран в госпиталях, около 16 тыс. - пропали без вести.

Рассказ ведущих об области прерывался патриотическими песнями на стихи костанайских поэтов. Было рассказано о современном состоянии экономики области, о вкладе Костанайщины в развитие экономики всего Казахстана.

В заключительной части познавательного вечера аудитория слушала стихи о Кустанае и области написанные поэтами выходцами из Кустанайской области. Кустанайская земля полна талантами. Священная торгайская земля породила немало талантов, которыми можно гордиться. Это А. Байтурсинов, И. Алтынсарин, А. Шаяхмет, К. Дерибсалдин и др. В заключение вечера был проведен обзор литературы по выставке. В мероприятии принимали участие 53 студента Торгайского гуманитарного колледжа.



Кітапхана тынысы
2016 шілде-желтоқсан

Ұлт-азаттық көтерілісіне 100 жыл

Кең байтақ даламыздың сан қилы тарихына көз жүгіртсек, азаттық туы көк аспанымызда желбірегенше, қаншама теңдік күресі жүргізілді. Солардың ішінде тарих бетінен ойып тұрып орын алған 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске биыл 100 жыл. Бұл көтеріліс қазақ халқының көп ғасырлық ұлт-



азаттық қозғалысының тарихында маңызды орын алды.

2016 жылы 8 қыркүйек күні абонемент бөлімінің ұйымдастыруымен Ұлт-азаттық көтерілісінің 100 жылдығына арналған «Торғай қазақтарының көтерілісі 1916-1917 жылдары» атты кеш өтті.

1916 жылы 25 маусымда Ресей

патшасының Қазақстан, Орта Азия, Сібір халқының 19 бен 43 жас аралығындағы ер азаматтарын тыл жұмысына алу туралы жарлығы шығады. Бұл жарлық 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің басталуына себеп болды. Шілденің бас кезінде Қазақстанның барлық аймақтарында дерлік стихиялы наразылықтар басталып, көп ұзамай ірі қарулы көтеріліске ұласты. Халық ашу-ызасының алғашқы соққыларына тылдағы жұмыстарға алынатындардың тізімін тікелей жасаған болыс басқарушылары, ауыл старшындары және патша әкімшілігінің басқа да төменгі билік иелері ұшырады. Қазақстанның әр түрлі аудандарында пайда болған стихиялы қозғалыс бірте-бірте ұйымдасқан сипат ала бастады. Жетісуда Бекболат Әшекеев, Ұзақ Саурықов, Жәмеңке Мәмбетов, Тоқаш Бокин, Әубәкір Жүнісов, Серікбай Қанаев, Монай және Мұқан Ұзақбаевтар және т.б.

азаматтар жетекші болып, Торғайда Әбдіғаппар Жанбосынов, Амангелді Иманов, Әліби Жангелдин және басқалар басқарған ірі ошақтар пайда болды.



Дәл осындай көтерілістің ірі ошақтарының бірі – Торғай өңірінде өтті. Көтерілісшілер саны 50 мыңға жетеді. Атақты Нияз бидің

ұрпағы Әбдіғаппар

Кітапхана тынысы

2016 шілде-желтоқсан



Жанбосынұлын көтерілісшілер хан сайлады. Кенесарының серігі, атақты Иман батырдың немересі Амангелді Иманов көтерілісшілердің сардарбегі болып тағайындалады. Әліби Жангелдин көтерілісшілердің “рухани көсемі” болды. 22 қазанда Амангелді Иманов бастаған 15 мың қол Торғай қаласын қоршады. Қаланы қоршау бірнеше күнге созылып, қоршау кезінде

генерал-лейтенант Лаврентьевтің жазалаушы корпусы қалаға қарай үш бағытта бет алды. 16 қарашада А.Иманов бастаған 12 мың сарбаз Түнқойма пошта станциясына шабуыл жасайды. Көтерілісшілер мен жазалаушылар арасында Татырда, Ақшығанақта, Доғал-Үрпекте, Күйікте шайқастар болды.

Азаттық жолындағы қасиеті де, қасіретті күрестің тарихын қайта жаңғыртып, тереңірек зерделеу, жас ұрпаққа жеткізу - біздің парызымыз. Осы мақсатта

Н.Құлжанова атындағы мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу МД-12 тобының студент балалары осы тақырып аясында толық мағлұмат алды және Дала өлкесі мұражайынадағы экспонаттар туралы қызықты мәліметтермен арнайы келген қонағымыз: музейдің ғылыми қызметкері Терек Рауан слайдтар арқылы таныстырды. Кеш барысында көш басшысы болған «Амангелді» атты фильмнен үзінді көрсетілді.

«Торғай қазақтарының көтерілісі 1916-1917 жылдар» атты кітап көрмесіне қойылған басылымдарға шолу жасалды. Көрмеге Қазақстандағы 1916ж. ұлт-азаттық қозғалыс картасын, көтеріліс басшыларының фотосуреттері және олардың қазақ халқының ұлттық мүддесін жақтаған істері жайында қысқаша мәліметтер қойылды.



«Қаһарлы 1916 жыл»; «Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы»; «Торғай көтерілісі»; «Жауды шаптым ту байлап» т.б. кітаптар мен мерзімді басылымдар пайдаланушылар назарына ұсынылды. Халық үміті орындалды - Қазақстан тәуелсіздік алды, егемендікке қолы жеткіздік. Неше мың жыл өтсе де ол кісілердің ерлігі мәңгі сақталады.

Кітапхана тынысы

2016 шілде-желтоқсан

Ел тарихы- Елбасы өмірі

1 желтоқсан ҚР Тұңғыш Президент күні

Қазақстанның егеменді ел атануына Елбасымыздың үлесі зор. Қазақстанды мекендеген барлық халықтардың ұлттық мәдениетін көркейтіп, бірлігі мен ынтымағын жарастырып отырған тұлға.

Елбасымыздың жалпы қазақ елі үшін жасаған тәуелсіздік жемістерін, бүгінгі қол жеткізген табыстарын біліп жүру біздің басты міндетіміз.

1 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президент күні.

Бұл ерекше күнде Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев туралы мағлұмат беру біздің

борышымыз.

Осы орайда Арқалық қаласындағы медицина колледжінде «Елі сүйген, елін сүйген Елбасы» атты кең көлемде салтанатты кеш ұйымдастырылды.

Кешті әнұранмен бастап, медициналық колледжінің директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Жанкелдина Роза Қайыржанқызы алғашқы құттықтау сөзбен ашты.

Әрі қарай Елбасының өмір жолдарынан видеороликтермен жалғасты.

Жоғары санатты тарих мәнінің мұғалімі

Әлімғазина Қадыргүл Шөптібайқызының жетекшілігімен колледж жанынан



кұрылған «Мұрагер» үйірмесінің мүшелері ұйымдастырды. Іс-шара барысында Елбасы өмірінен деректер келтіріліп, ол кісі жайлы ақындардың арнау өлеңдері оқылып, әндер шырқалды. Қаламыздағы облыстық №2 ғылыми әмбебап кітапханасының абонемент бөлімінен Елбасының әдебиеттерінен құрылған «Ел тарихы-Елбасы өмірі» атты тақырыпта кітап көрмесі ұйымдастырылып, Елбасының шығармашылығы жайлы кітапхана қызметкері Зайра Сансызбайқызы шолу жасап, құттықтау сөз сөйледі.



Кітапхана тынысы

2016 шілде-желтоқсан

«Тәуелсіздік-Қазақстанның сан ғасырлық арманы»

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл

Арқалық қаласының облыстық №2 ғылыми әмбебап кітапханасында 2016 жылдың 21 қараша айында Арқалық қаласының мұрағат ұжымымен және Арқалық қаласының көпсалалы колледж студенттерімен, Қазақстан



Республикасы Тәуелсіздік күніне арналған «Тәуелсіздік-Қазақстанның сан ғасырлық арманы» тақырыбында мерекелік шара ұйымдастырылды. Мерекелік шараны кітапхана басшысы Нұрманова Алма Жақсылыққызы қонақтарды, студенттерді Тәуелсіздік күні мерекесімен құттықтап, «Халқымызға ғасырлар бойғы арман болған тәуелсіздік, егемендік ұстанымдарын биікке көтеретін бұл күн – біздің Отанымыздың әрбір азаматы үшін қастерлі мереке болып табылады. Еліміздің ұлы тарихына, ата-баба рухына, аға ұрпақтардың қаһармандық өмір жолына құрметпен басымызды иіп, Отанымыз – Қазақстанға деген құрметтеу сезімін әкелетін бүгінгідей мереке күні алға қарай тағы да берік сеніммен қарап, болашақтың тыныш

өмірінің негізін қалау үшін қазір де бұл бағыттағы іс-әрекетті жалғастыру керек» - деді.

Кешті көпсалалы колледж студенттері Оспанғали Әсел мен Жұмабек Айзат баяндамаларымен толықтырды. Кеш барысында бейнежазбалар тамашалап, әндер тыңдалды.

Тәуелсіздік - ең басты құндылығымыз. Тәуелсіздікке қан төгіссіз, бейбіт түрде қол жеткізгеннен кейін ғана елімізді әлемнің өркениетті мемлекеттерінің қатарына қоса алдық. 25 жыл ішінде тәуелсіз Қазақ елін қалыптастырып, нарықтың қиын өткелектерінен аман өткізіп келеміз. Осы кезеңде Қазақстанды дүние дидарындағы ең мықты мемлекеттер танитындай, сыйлайтындай деңгейге жеткізген тұңғыш Нұрсұлтан Назарбаевтай көреген саясаткердің ерен еңбегін дәл бүгін және әрқашанда айтып өтеміз.



Кітапхана тынысы

2016 шілде-желтоқсан



Одан кейін сөз алған мұрағат басшысы Бопина М.Н. кешке қатысушыларға жүрек жарды лебіздерін білдірді.

Тәуелсіздік күніне арналған мерекелік шаралар бірінен соң бірі жалғасын тапты.

Боранбаев атындағы мәдениет үйінің фойесінде кітапхана қызметкерлерінің ұйымдастыруымен «Бағы асқан, дәулеті тасқан Қазақстан» тақырыбында кітап көрмесі өткізілді.

Еліміз аман, жұртымыз тыныш болса, әлі талай игі істер жүзеге асады. Елімізде бірлігіміздің іргесін бекітіп, ырыс-берекемізді арттыра берейік. Жаңа мақсат-міндеттерге қол жеткізу үшін жұмыла еңбек етіп, еңбек үлесімізді қосуымыз қажет. Тәуелсіздік күні құтты болсын!



Кітапхана тынысы 2016 шілде-желтоқсан

3 БӨЛІМ

МЕРЕЙТОЙЛАР

Дух нации и символ времени

К 80-летию Олжаса Сулейменов



К 80-летию поэта, писателя,
общественного деятеля Олжаса
Сулейменова 24 сентября 2016 года со

студентами медицинского колледжа / куратор колледжа Молдагулова Г. М./ прошел вечер поэзии на тему «Дух нации и символ времени». Это мероприятие было проведено в рамках недели русского языка и литературы.

Ведущая вечера студентка Гудзовская Вероника и биографы познакомили аудиторию с неординарной личностью Олжаса Сулейменова. Это поистине народный писатель, литературовед, общественный и политический деятель, дипломат. С 1989 года он стал инициатором и лидером антиядерного движения «Невада-Семипалатинск». Его имя давно стало символом крепкой гражданской позиции, его личность является частицей истории народа, его национальной гордостью. Чтецы-студенты читали его стихи, проникнутые огромной любовью к Родине, к родной земле, к людям, живущим на этой земле. Студенты исполнили песню «Волчица», написанную на стихи поэта. Зав. абонементом областной библиотеки провела электронную презентацию выставки, посвященную творчеству Олжаса Сулейменова. Вечер прошел интересно, на одном дыхании. Студентам было интересно узнать о личности великого поэта и общественного деятеля.



Кітапхана тынысы 2016 шілде-желтоқсан



Закончилось мероприятие следующими словами: В самом центре великих людей стоит колоритная личность Олжаса Сулейменова. Есть те, кто, надев звезду на грудь, не способны бросить и лучик света на



окужающих. А Олжас сам- ярчайшая звезда. Он личность мировой величины, связующая нить между нациями, верный сын своего народа, мыслитель эпохи, великий поэт, ставший гордостью нации. Он-посох страны и совесть нации.

Асығып аққан ақ жұлдыз...

**Сазгер, өнерпаз
Төкен Елтебаевқа
80 жыл
(1936 – 1985)**

1959 – 1985 жылдар аралығында Торғай өңірінің мәдениетіне үлкен үлес қосқан ұстаз, алғашқы кәсіпқой музыкант, Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген мәдениет қайраткері Төкен Сауытбайұлы Елтебаевтың 80 жылдығына арналған «Асығып аққан ақ жұлдыз...» портреттік кеші болып өтті. Портреттік кешке Төкен Елтебаевтың шәкірті Отаркүл Мұқатова, Дариға Құрманова, қыздары Гүлсін Төкенқызы мен Гүлбану Төкенқызы және кештің қадірлі қонағы болып, Әмина Сарманова мен Жұмағали Өмірбеков келді. Төкен серінің өмір мен



еңбек жолына тоқталып өтті. Қазақ халқының саз өнерін шет мемлекеттерге танытып, көне аспаптарды музыка тілінде

Кітапхана тынысы
2016 шілде-желтоқсан

сөйлеткен «Шертер» фольклорлық ансамблінің алғашқы жетекшісі, музыка училищесінің алғашқы директоры, Торғай облыстық филармониясының көркемдік жетекшісі, қабілетті ұйымдастырушы, іскер басшы, ұлағатты ұстаз, өнер қайраткері – Төкен Сауытбайұлы Елтебаевтың портрет кеші еске алу мақсатында ұйымдастырылды.

Төкен ағамен қатар жүріп, мәдениет пен өнер жолында еңбек еткен Жұмағали Сүлейменұлына алғашқы сөз кезегі беріліп, елінің мәдениетін көтеруде, өнерін дамытуда аянбай еңбектенгені, талай өнерпаздардың ұлағатты ұстазы болғаны, тұңғыш кәсіпқой музыкант болғандығы жайлы айтып берді.

Халық театрының белсенді мүшесі, өнерпаз: сахнада Ғабит Мүсіреповтің «Ақан сері – Ақтоқты» пьесасында «Ақан серіні сомдаған – сахна таланты.

«Аманкелді» пьесасындағы Жайнақ ролдерін сахнаға сәтті шығарған. Төкен оркестрдегі бас қобыздың сазды үнін білгір музыкантың тартуымен сахна сәнін келтіргенін жүргізуші атап өтті.

Дүйім елге танымал «Шертер» ансамблін тан ансамблдің басы қасында жүріп, ұйымдастырып, шет елдерге бірге шыққан – Төкен Елтебаевтың шәкірттері Отаркүл Ордабаева, Дариға Құрманова ұстаздары жайлы сыр ақтарып, бастан өткен қызықты оқиғаларымен бөлісті.

Тарих берінде қатталған құжаттар, әдебиеттер қаншама, қала, аудан



орталықтарында тұрған ескерткіш тақта, мүсіндері қаншама сыр айтады... 1996 жылы Аманкелді ауданында Төкен Сауытбайұлының – 60 жылдығында үлкен мүсін-ескерткіш ашылған болатын. Ескерткіш авторы – мүсінші Әбілбек Ұзақұлы! Қала әкімшілігінің

басшылығымен 2012 жылы Төкен Елтебаев тұрған Маясов көшесіндегі тұрған үйге ескерткіш тақта ілінген.



Кітапхана тынысы

2016 шілде-желтоқсан

«Төкен тұрған үй мынау – тақта ілінген,
Жақсылардың ісі ғой – жат түңілген.
Ұлы ұстаздан осындай дәріс алған,
Ең бақытты шәкіртпін тап бүгін мен» - деп жырға қосқан Молдатай Жапарұлы.

Төкен Сауытбайұлының ұрпақтары – Гүлсін мен Гүлбану Төкенқыздарына сөз беріліп, «Есінде елдің Төкені» кітабын жинақтап кітап етіп шығарып әке көзін көрген дана қариялардан ақыл алып жүрген ұрпақ әке алдында ұрпақ парызын өтеп жатқандарын айтты.



Кеште бұлбұлдай сайраған Отаркүл Мұқатованың әні құлақтың құрышын кандырса, Дариға Құрманованың әңгімесінен кейін көрермендермен бірге көздеріне жас алды. Жүректен шыққан ән жүрекке жетеді демекші, «Құстар қайтып барады» әнін Нәбира Шағыпқызымен бүкіл зал болып бірге шырқады.

Ғасырға қанат қаққан дәстүрлі өнер

Өнертанушы, қолөнер шебері

Шөптібай Байділдаұлына

70 жыл

Ә.Боранбаев атындағы кинотеарында өнер секторынның ұйымдастыруымен «Ғасырға қанат қаққан дәстүрлі өнер» атты Өнертанушы, қолөнер шебері Шөптібай Байділдаұлының 70 жыл мерейтойына арналған кеш болып өтті.



Шөптібай Байділдаұлы қазақ еліне өнерімен дараланып,
мақтанышымызға

Кітапхана тынысы

2016 шілде-желтоқсан



айналған, оюшы, қолөнер шебері, өлкетанушы, Әлемдік Шыңғысхан академиясының «Құрметті академигі», Абылай ханның 300 жылдығына арналған халықаралық конференцияның «алтын медалінің» және «Қазына» сыйлығының екі мәрте иегері, Арқалық

қаласының құрметті азаматы, Ыбырай Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының ғылыми жұмысты ұйымдастыру және халықаралық байланыс бөлімі маманы, бірнеше кітаптардың авторы. Кеште мерейтой иесінің кітаптары мен оюларынан көрме қойылып, мультимедиялық слайд көрсетілді.

Ш.Байділдаұлы сурет салу, ағаш жону, темір, күміс соғу сияқты өнер түрлерін, яғни ұсталық, зергерлікті жақсы меңгерген. Отыз жылдан астам уақыттан бері тұрақты қазақ ою-өрнегімен жасаумен айналысады.

Тағылымды кешті ақын Молдатай Жапаров жырымен айшықтап, Оркен Алмат, Кәки Ақан, Еркін Қожахметов сынды аға буын өкілдері мерейтой иесі жайлы жылы лебіздерін білдірді.



Кітапхана тынысы

2016 шілде-желтоқсан

4 БӨЛІМ

ЖАҢАЛЫҚТАР МЕН ОҚИҒАЛАР

Бүгiнiмен нұрлы, бүгiннен кемел болашағы

24 маусым-Баспасөз, теледидар және радио күні



Қазақстан Республикасы аймағында жылда 24 маусым – Баспасөз, теледидар және радио күні» мерекесі қарсаңында өнер секторында «Бүгiнiмен нұрлы, бүгiннен кемел болашағы» тақырыбындағы ашық микрофон өтті.

Ашық микрофонға Қазақстан Республикасы Журналистер одағының мүшесі, журналист, бүгінде құрметті зейнеткер – Күлшира Ахметжанқызы шақырылды.

Биылғы 7 ақпанда Арқалық радиосының алғаш эфирге шыққанына 45 жыл толып жатыр. 1971 жылы 7 ақпанда алғаш радио эфирге шыққан. Осы саланың майталманы, ардагер – Күлшира Ахметжанқызы осы салады 1985 жылдан бастап еңбек жолын бастаған екен.

Осы жақында «Баспасөз, радио, телевидение» күні мерекесінде Арқалық қаласы әкімі қолынан «Алғыс хат», «Нұр-Отан» партиясы атынан сый-сыйапат алғанын кеш жүргізушісі атап өтті. Күлшира Ахметжанқызының өмірі мен еңбек жолы жайлы сөз қозғап, радио телевидене саласындағы еңбек жолы жайлы, еңбектері мен қолжазбалары жайлы айтып берді.



Ашық микрофонда кейіпкеріміз өмірде басынан кешкен қызықты сәттері мен журналистика саласының қыр-сырымен бөлісті.

Кітапхана тынысы

2016 шілде-желтоқсан

Журналистика саласында тәрбиелеген шәкірті, «Хабар-24» каналының тілшісі – Абылай Мауданов жайлы және де басқа шәкірттері жайлы сөз қозғап мақтан ететіндігін айтты.



Ашық микрофонға Қаламыздағы жас қауырсын ақындарымызды насихаттап жүрген Қосымша білім беру орталығының «Сәлем» жас журналистер клубының жетекшісі – Салтанат Балғатайқызы шәкірттерімен



келіп, апамыздың батасын алып, ТАТКолледж жастары өлеңдерінен жыр шашып кешті қыздыра түсті.

Кеш жүргізушісі Алаш қозғалысының қайраткері, жазушы, ақын-Міржақып Дулатұлының «Қай елдің баспасөзі мықты болса, сол елдің болашағы зор» деген ұлағатты

сөзімен ашық микрофонды аяқтады.



Кітапхана тынысы

2016 шілде-желтоқсан

Кітапхана түні-2016

Арқалық қаласындағы №2 облыстық ғылыми-әмбебап кітапханасында Арқалық қаласының 60 жылдығы кітапхананың 45 жылдық мерейтойы және кітапханашылар күні аясында «Кітапханадағы көңілді түн» атты мәдени іс-шара өтті.



Шараның тұңғыш рет өткізіліп отырғанына карамастан халық көптеп жиналды. Қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Е.Мәметеков қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ж.Ғапбасұлы құттықтау сөз сөйледі. Кітапхана директоры А.Нұрманова

шараның мақсаты оқырмандарды тарту екендігін айтып, тұрақты келушілерді алғыс хатпен маратпаттады.

Демеушілер атынан сөз алған «ОЛВИ» ЖШС президенті Т.Соколова үздік кітапхана қызметкерлеріне сый-сияпат жасады.

Шара барысында кітапхананың «Ғажайып орман» деп аталған 1 қабатында: кітапханалық квест «Ғажайып орман әлемінде» сиқырлы сурет фотосессия, сазды караоке, би кеші, «Әдебиет аралы»



атты 2 қабатында авторлар дефилесі

«Түнде оянған акция»

(«Бір ел – бір кітап» акциясы бойынша) кітап жәрмеңкесі «Өлкетану қонақжайы» эрудиттер сайысы, әдеби квест «Шайхана», әдеби батл

«БиблиоFRESH» жәрмеңкесі, дойбы, шахмат турнирі, « Білім базары» аталған 3 қабатта: түнгі

интеллектуал сайыстары, «Асыл қазына» үңгірі, кітап дүңгіршегі «Сұлулыққа іңкәрлік» салоны, сән көрсетілімі шеберлік сыныптары, ұлттық ойындар ұйымдастырылды.



Кітапхана тынысы

2016 шілде-желтоқсан

4 БӨЛІМ

ЖАҢАЛЫҚТАР МЕН ОҚИҒАЛАР

«Торғай даласы – ұлт – азаттық көтерілісінің күретамыры»

Республикалық ғылыми – тәжірибелік конференция

1916 жылғы Ұлт азаттық көтеріліс қазақ тарихында ерекше орын алатын, ерекше аталатын құбылыс. Орыстың отаршылдық саясатына қарсылық білдіріп, патша өкіметі құлағанға дейін қолда бар қаруымен азаттық үшін арпалысқан қазақ халқы үшін 2016 жылдың 31 мамыр күні Ы.Алтынсарин



атындағы Арқалық педагогикалық институтының мәжіліс залында Қазақстан тарихшылар қауымдастығының, Арқалық қаласының әкімдігі мен Арқалық қаласындағы облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасының ұйымдастыруымен «Торғай даласы – ұлт – азаттық көтерілісінің күретамыры» атты

республикалық ғылыми – тәжірибелік конференция өтті.

Конференцияға Жанкелдин, Аманкелді аудандық және ауылдық кітапханашылары, қаламыздағы оқу орындарының кітапханашылары және қаламызға келген құрметті қонақтары, жоғары оқу орындарының ұстаздары қатысты.

Конференцияның мақсаты тағдырлы тарихымызда таңбаланып қалған қазақ халқының ұлт – азаттық көтерілісінің рөлі мен маңызына баға беру және оның тек тарихын ғана айтып астарына үңілу, Тәуелсіз ұрпақтың ұлттық санасын жаңғырту болды. Жалпы қазаққа есімі таныс, тарихшы ғалым, саясаткер, Арқалықтың бұрынғы әкімі Берік Әбдіғалиұлы мұрындық болған іс – шара дүркіреп өтті. Іс-шара бір күн бұрын «Торғай көтерілісі» атты кітаптың тұсау кесер кешімен басталды.



Кітапхана тынысы

2016 шілде-желтоқсан



Аталған іс – шара мемлекет тарапынан емес, Берік Әбдіғалиұлы бастаған бір топ жеке тұлғалардың, тарихшылар қауымдастығының,

Әбдіғапар хан ұрпақтарының ұйымдастыруымен өткізілді. Торғай көтерілісіне тікелей атсалысып, еңбекшілер көтерілісін басқаруға үлес қосқан тарихи тұлғалар Амангелді мен Әлібидің есімдері, Кейкінің ерліктері көпке мәлім болса, халықтың қалауымен хан болып сайланған Әбдіғапардың осы көтерілісте атқарған рөлін, оның ерлігін бірі білсе, бірі біле бермейді. Кейінгі



ұрпаққа осындай ірі тұлғаның тарихта алар орнын жеткізіп көрсету мақсатында Берік Әбдіғалиұлы мен оның бір топ ұрпақтары қаламыздағы Әуелбеков көшесінің жанында ескерткіш тақта орнатты. Болашақта ол жерге Торғайдың соңғы ханының тас бейнесі орнатылмақ. Ашылу салтанатында Нияз би ұрпақтарының атынан Астанадан арнайы келген ғалым Ақмолда Ахметов сөз сөйледі. Іс – шара әрі қарай ғылыми конференцияға ұласты. Онда белгілі алаштанушы, профессор, тарих ғылымдарының докторы, Қазақстан тарихшылар қауымдастығының төрағасы Мәмбет Қойгелдиев **«Батпаққара халық көтерілісі. Алашордалықтардың «қырға кетуі». Арман мен ақиқат»** тақырыбында баяндамасын оқыды. Сондай –ақ бір қатар жергілікті азаматтар, өзге оқу орындарынан келген тарихшылар сөз сөйледі. Атап айтсақ, филология ғылымының докторы, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінен Тұрсын Жұртбай **«Алаш идеясы және ұлт-азаттық қозғалысы»** тақырыбында, заң ғылымының кандидаты, ҚР еңбек сіңірген қайраткері С.А. Қасымов **«1916 жылғы Торғайдағы көтеріліс: бүгінгі ғылыми және саяси жақтары»** тақырыбында, Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің аға оқытушысы



Кітапхана тынысы
2016 шілде-желтоқсан



А.Д.Бақыт «**1916 жылғы көтеріліс: Ақтөбе және тәуелсіздік мұраты**» тақырыбында, филология ғылымының кандидаты, Алаш институтының қызметкері Қ.Р.Кемеңгер «**1916 жылғы көтеріліс. Алаш ұстанымы және тәуелсіздік мұраты**», тарих ғылымдарының кандидаты Е.Е. Сайлаубай

«**Қазақ халқына сын болған – 1916 жыл: ұлттық қозғалыстың тағылымы**», өлкетанушы, Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының ғылыми қызметкері Ш.Байдилдин «**Кейкінің соңғы тағдыры**», Әбдіғапар ханның ұрпағы М.Мырзағалиұлы баяндама



оқыды. Аталған іс – шара республика көлемінде алғаш рет Торғай жерінде бастау алды және әлі де өз жалғасын табады.

Іс-шара облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханада секциялық жұмыс түрінде жалғасты. Секцияға Амангелді, Жангелдин, Арқалық қаласындағы орталықтандырылған

кітапхана қызметкерлері, ауылдық кітапханашылар, тарихшылар, мұражай қызметкерлері қатысты.

Арқалық қаласындағы Облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасының директоры А.Ж.Нұрманова 1916 жылғы тарихтан сыр шертсе, №4 орта мектептің тарих пәнінің мұғалімі Г.М.Қабылдина «**1916 жылғы көтерілістің ақтандақтары**» туралы, Торғайдан келген Жангелдин мұражайлар кешенінің директоры Г.Қ.Сәрсекей «**Торғайдағы ұлт- азаттық көтерілістің мұражайда насихатталуын**», Арқалық қаласындағы Дала өлкесі тарихи облыстық мұражайының ғылыми қызметкері Б.Ж.Сағынтаев «**Торғай ақындық мектебі өкілдерінің шығармаларындағы 1916 жылғы көтеріліс**» туралы, облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасының кітапханашысы Л.Б.Исабекова ұлт азаттығын ұлықтаған әдебиеттермен таныстырса, кітапхананың бас библиографы Г.К.Сейтқожина халқымыздың қилы тарихы жайлы библиографиялық көрсеткіштер жайлы кеңінен талқылап, ойларын ортаға салды. Кітапхана директоры А.Ж.Нұрманова іс-шараны қорытындылады.

2016 шілде-желтоқсан

«Ы.Алтынсарин тағылымы: кеше және бүгін»

Аймақтық көшпелі зерделі кеңес



2016 жылдың 4 тамыз күні Жангелдин ауданы орталығында Арқалық қаласындағы облыстық №2 әмбебап – ғылыми кітапханасының директоры А.Ж.Нұрманованың басшылығымен «Ы.Алтынсарин тағылымы: кеше және бүгін» атты аймақтық көшпелі зерделі кеңес өтті.

Зерделі кеңестің мақсаты: кітапханашыларға Ыбырай Алтынсариннің азаматтығы мен шығармашылығының маңызын түсіндіру, педагог – ағартушының, жазушының шығармашылығын насихаттау бағытында атқарып жатқан кітапханалардың жұмыстары туралы ақпарат беру. Кеңеске Қостанай облысы әкімдігі мәдениет ұйымдарымен жұмыс бөлімінің жетекшісі И.В.Шевко, Л.Н.Толстой атындағы ОӘҒК директоры Д.Т.Дюсибаева және аймақ кітапханашылары қатысты. Кеңеске қатысушылар Ы.Алтынсарин атындағы

мемориалдық педагогикалық мұражайына экскурсия жасап, Ы.Алтынсарин кесенесіне гүл шоқтарын қойды. Кеңесті Жангелдин ауданы әкімінің орынбасары Т.Ғ.Аубакиров ашты. Кеңесте Жангелдин ауданы мәдениет бөлімінің басшысы Д.Т.Әбжамалов және облыстан келген Қостанай облысы әкімдігі мәдениет ұйымдарымен жұмыс бөлімінің жетекшісі И.В.Шевко, Л.Н.Толстой атындағы ОӘҒК директоры Д.Т.Дюсибаева құттықтау сөз сөйлеп қатысушыларға тілектерін білдіріп, сәттілік тіледі.



Іс-шараның алғашқы бөлімінде пленарлық отырыста кітапханашылар баяндама жасап, өз ойларын ортаға салып, тәжірибе бөлісті.

Кітапхана тынысы

2016 шілде-желтоқсан



Аймақтық көшпелі зерделі кеңес үш аялдамадан тұрды:

Бірінші аялдама- Сужарған ауылы. Кітапхана оқырмандары, ауыл тұрғындары, мектеп оқушылары Ы.Алтынсариннің туғанына 175 жыл толуына орай Ыбырайдың сауат ашу мектебін, Ыбырайдың ауыл баласын қалай сауат ашуға үйреткенін бейнелеп, аса шеберлікпен сахналық қойылым көрсетті.

Екінші аялдама – Сарысу ауылы. Ауыл жұртшылығы сұрапыл соғыс жылдарындағы жауынгердің соғыста оққа ұшырап екі аяқсыз мүгедек оралуы, сұм соғыстың зардабынан ананың баладан, баланың әкеден айырылған бейнесін сахналап көрсетті.

Үшінші аялдама- Тәуіш ауылы. Ауыл ақсақалы Татыр шайқасы туралы қысқаша мәлімет беріп, аруақтарға құран бағыштады. Татыр көлінің жағасында ақ киіз үй тігіліп, сол заманғы киім- үлгісі мен құрал-саймандар қойылған көрме әзірленді. Тәуіш ауылының тұрғындары Амангелді Иманов жайлы шағын қойылым ұсынды.

Қорыта айтқанда, Жангелдин орталықтандырылған кітапхана қызметкерлерінің жақсы дайындалғаны, халықпен тығыз байланыста екендігі, сахналық қойылымдардың тақырыпқа сай көрсетіліп, мағынасын аша білгені көңіл қуантады. Әсіресе, киелі Торғай халқының қонақ жайлылығына, кең пейілділігіне, ұйымшылдығына тәнті болдық.



Кітапхана тынысы

2016 шілде-желтоқсан

Кітапханашы – парасатты жанға лайық мамандық.

Аймақтық зерделі кеңес. Аймақтық сайыс

Білімнің қайнар көзі - кітапхана десек, шын мәнінде бұл рухани азық алатын кітаптар ордасы. Қаламыздағы облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапхана қала

жұртшылығына рухани құндылықтар сыйлайтын қастерлі қара шаңырақтың бірі. 27 қазан күні әдістеме- библиография бөлімінің ұйымдастыруымен Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген кітапханашысы, тарих ғылымының кандидаты, жерлесіміз Дәулетова Нәзира Қожахметқызының 90 жылдығына арналған **«Н.Қ. Дәулетованың ғылыми тәжірибе жұмыстары: қазіргі кітапхана жұмысының дамуына қосар үлесі»** тақырыбында аймақтық зерделі кеңес өтті. Аймақтық зерделі кеңестің мақсаты: заманауи кезеңде қоғамда кітапханашы мамандығының ролі мен мәртебесін көтеру, Н.Қ.Дәулетованың ғылыми мұрасын насихаттау, жаңаша әдістерді пайдалану және мәдени өзара қарым – қатынасты күшейту.



Зерделі кеңеске Жанкелдин, Аманкелді аудандық және Арқалық



қаласындағы орталықтандырылған кітапханаларының кітапханашылары мен кітапхана басшылары қатысты. Кеңесте

облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасының директоры Нұрманова Алма Жақсылыққызының «Қазақстандағы кітапхана ісінің бастау бұлағы», осы кітапхананың библиографы Гүлнар Сейтқожинаның «Ақпараттық – библиографиялық жұмыс: кітапхананың бүгіні мен ертеңі», Қостанай қаласында

Кітапхана тынысы

2016 шілде-желтоқсан

Сәуле өткізілген « II Дәулетова оқулары» байқауының 2-ші орын иегері, автоматтандырылған – ақпараттық сервистік секторының меңгерушісі Роман Грибовскийдің «Болашақтағы кітапхана», « II Дәулетова оқулары» байқауының 1-ші орын иегері, Аманкелді ОКЖ-нің абонемент бөлімінің меңгерушісі Ерлан Олжағұловтың «Кітапхана ісі тарихы және кітапханашы маманының қазіргі қоғамдағы алар орны» тақырыбында баяндамалар тыңдалды.

Балалар әдебиеті бөлімінің кітапханашысы Алматова «Кел, балалар, оқылық!» атты библиографиялық сабақ өткізді. Сабақ барысында балалар әдебиеті бөлімінің меңгерушісі Сандуғаш Есмағанбет орыс ақыны К.И.Чуковскийдың «Дәрігер

Айболит» шығармасындағы дәрігер рөлін сомдап сахналады. «Кітап дәрігері» оқырмандарға кітапты қалай ұстауын, жыртылған жағдайда кітапты қалай түштеп, оған қандай ем-дом жасау керектігін түсіндірді. Кеңесте Нәзира Дәулетованың кітапхана саласының дамуына жасаған еңбектері мен қосқан үлестері жайлы сөз болды және әр кітапханашыға өз іс-тәжірибесінде сол кісінің еңбектерің пайдалану керектігі айтылды.

Аймақтық зерделі кеңестің екінші бөлімі «Жас кітапханашылар»

байқауымен жалғасты. Қызығы мен қиындығы мол кітапханашы мамандығы туралы бір – ақ ауыз сөзбен жеткізу мүмкін



емес. Көп елең бермейтін, бірақ, дүйім оқырманға қасиетті қазынамызды көздің қарашығындай сақтап, насихаттап, ел игілігіне жаратып жүрген кітапханашылар – ең қажет, абыройлы мамандық иелері. Кітапханашы - өзі педагог, өзі психолог, өзі ізденуші. Олар үнемі ізденіп, біліміне білім қосып отыратын парасатты жандар. Байқаудың мақсаты: кітапханашылардың шығармашылық әлеуетін және кәсіби шеберлігін шыңдау, креативті, жан-жақты дамыған білікті мамандарды анықтау, кәсіби қарым – қатынас диапазоның кеңейту, қоғамда кітапхана мәртебесін көтеру.

Байқау 6 кезеңнен тұрды. Атап айтсақ, «Сәлем –сөздің атасы», «Өнерлі өрге озар», «Бабалар сөзі ұрпаққа үлгі», «Тақырыптық көрме», «Библиографиялық ізденіс», «Сұрақ -жауап».



Кітапхана тынысы

2016 шілде-желтоқсан

Байқауға Аманкелді аудандық ОКЖ –нің оқу залының кітапханашысы Сымбат Көшкінбай, Жангелдин аудандық ОКЖ –нің балалар кітапханасының кітапханашысы Гүлнар Іскендір, Арқалық қаласындағы ОКЖ-нің оқу залының кітапханашысы Қырмызы Дүйсенбаева, Үштөбе ауылының кітапханашысы Гүлзат Нұрпейісова және облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасының кітапханашылары Әйгерім Әлмағанбетова мен Нұрсая Мырзағалиева қатысты. Байқауды Арқалық қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдер дамыту бөлімінің бас маманы Алмагүл Сейітжанқызы ашып, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Кәсіби шеберлік бүгінгі күні кез – келген маманның қоғамдағы орны мен сұранысын анықтайтын басты ұстаным. Әсіресе, кітапханашы мамандығы білімділікті, кәсіби шеберлікті, ізденісті қажет ететін мамандық. Байқауға қатысушылар Торғай жерінде дүниеге келген ақын – жазушылардың шығармаларынан үзінді оқып, актерлық шеберліктерін көрсетті. Әркім өзі дайындаған тақырыптық көрмесінің электрондық нұсқасына шолу жасап, «Кітапхана ісі» жайлы берілген сұрақтар жауап беріп, библиографиялық ізденістерінің бар екендігін көрсетті. Байқауға

қатысушылар ән айтып, би билеп, өз өнерлерің жан – жақты көрсетіп көрермендерге паш етті.

Байқау қорытындысы бойынша «Әртіс кітапханашы» номинациясы бойынша Арқалық қаласындағы ОКЖ-нің кітапханашысы Қырмызы Дүйсенбаева, «Ізденімпаз кітапханашы» номинациясымен облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасының кітапханашысы Әйгерім Әлмағанбетова, «Әріптестер көзайымы» номинациясымен Үштөбе ауылының кітапханашысы



Гүлзат Нұрпейісова марапатталды. 3 -ші орынды Жангелдин аудандық ОКЖ-нің кітапханашысы Гүлнар Іскендір, 2-ші орынды облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасының кітапханашысы Нұрсая Мырзағалиева иеленсе, ал 1-ші орынды Аманкелді аудандық ОКЖ-нің кітапханашысы Сымбат Көшкінбай иеленді. Қатысушыларға мақтау

қағаздары марапатталып, сыйлықтар табыс етілді. Осындай байқаулар әлі де жалғасын табады деген сенімдеміз.

Кітапхана тынысы 2016 шілде-желтоқсан

«Ұлттық теңге-кемел болашақтың кешілі»



Тәуелсіздік алған елдің ең бір айрықша белгісі-ұлттық валюта. Ол Қазақстан Республикасының төңірегінде пайдаланылатын заңды төлем құралы. Ұлттық валютамыз ҚР Президенті 1993жылы 12 қарашадағы жарлығымен 1993 жылдың 15 қараша күні таңертең сағат 8.00 ден бастап енгізілді.

Ұлттық валютаның ел экономикасын тұрақтандыруда ықпалы зор болды. Соңғы жылдары орын алған әлемдік қаржы дағдарысына да төл теңгеміз төтеп бере алды.

Әлемдік қаржы дағдарысы жағдайында ұлттық валютаның тұрақтылығы мен орнықтылығын сақтауы мемлекеттің қаржы саясатындағы қарымды істерінің нәтижесі.

Тәуелсіздік- киелі де, қастерлі ұғым. Тәуелсіздігіміз тұғырлы, азаттығымыз арайлы болу үшін, Отанымызға кіршіксіз қызмет ететін ұрпақ тәрбиелеу біздің борышымыз.

Осыған орай, №2 ОҒӘК абонемент бөлімінің ұйымдастыруымен «**Ұлттық теңге-кемел болашақтың кепілі**» атты білім аукционына Н.Құлжанова атындағы БМ-12 тобының студент жастары шақырылды.

Студентер Ұлттық валютамыздың тарихымен танысып, бейнежазбалар тамашалады.

Білім аукционы: «Ұшқыр ойдан ұтымды жауап»

«Берілген теңгеде бейнеленген тұлғаны тап!»

«Әр елде - өз валютасы»

Валюталардың бүгінгі ресми бағамдары

Мақал-мәтел бөлімдерден тұрды

Әр бөлімнен сұрақтарға жауап беру арқылы ақша жетондарын жинады. Яғни сайысымыздың соңында болатын аукционға қатысып қандайда болса бір затты ұтып алады.



Сергіту сәтінде бейнежазбадан ақшаға қатысты ырымдар туралы бейнежазбаны тамашалады. Қорытындыда балалар ақша табудың өзіндік машақаты бар екенін, қаржыны орынсыз шашуға болмайтынын осы кезден біліп жүру керектігін түсінді.

Кітапхана тынысы

2016 шілде-желтоқсан

«Анықтамалық басылымдар мен сөздіктерді пайдалану жолдары»

«Анықтамалық басылымдар мен сөздіктерді пайдалану жолдары» атты кітапханалық сабақ өткізілді. Бұл сабақтың мақсаты оқырмандарға энциклопедиялар мен сөздіктердің пайдалану ережелерімен таныстыру. Оқырмандарға III – кезеңнен тұратын тапсырмалар берілді, атап айтсақ, **I – кезең. «Кім шапшаң?»** танымдық ойыны. Оқырмандар берілген тақырыптар бойынша, авторы бойынша, сериясы бойынша, салалар бойынша анықтамалық басылымдарды пайдалана отырып, іздестіру жолын түсіндірді.



II-кезең. Елдерге саяхат. Әр оқырманның өзі таңдаған елдер бойынша мәліметтер дайындап, ұсынды.

III – кезең. Сиқырлы сөздер. Берілген сөздердің мағынасын ашты.

Әр – түрлі сұрақтар қойылып, ойындар ойнатылды. Энциклопедия мен сөздіктер әлеміне ой сергіту жасап, бұл кітаптардың біздің

уақытымыз бен күш-жігерімізді үнемдейтіні жайында айтылды. Оқырмандар энциклопедиялар мен сөздіктерді қалай пайдалана алатынын түсінді. Сабақ қызықты болып өз деңгейінде өтті.



Кітапхана тынысы
2016 шілде-желтоқсан





Болашаққа жоспар

«Шерлі жылдар шежіресі»-аймақтық зерделі кеңес

«Арқа төсіндегі Арқа дидары»/БАҚ – пен кездесу кеші/

«Торғайды түлеткен тұлға»/ақын С. Мәуленовтың туғанына 95 жыл/ Көрме байқау

«Ұраным, Алаш!»/Алаш қозғалысының 100 жылдығына орай библиографиялық көрсеткіштер байқауы/

«Адалдық алаңындағы қаламгер» /жазушы Т. Әбдіков туғанына 75 жыл/- Мультимедиялық құрал



КММ Арқалық қаласындағы №2«Облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы

Құрастырушы: Аманжол Қ.А.

Редактор: Ахметжанова А. Қ.

Басылымға жауапты: Бөрібаева Қ. Б.

Компьютерлік терілім: Аманжол Қ.А.

Біздің мекен жайымыз: Арқалық қаласы, Абай көшесі, 62

Телефон: 87143070916

Эл.пошта: arkounb@mail.ru

Библиодайджесттің шығуы:

Жылына 2 рет

Таралымы: 5 дана

Көлемі: 0,4